

ISSN (Print) 2616-6887
ISSN (Online) 2617-605X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК BULLETIN

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ.
ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ сериясы
POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES.
ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series
Серия ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ.
ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ

№ 1(142)/2023

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2023

Astana, 2023

Бас редакторы: **Нургазина Р.А.**
с.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)

Бас редактордың орынбасары **Нечаева Е.Д.**, с.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана,
Қазақстан (саяси ғылымдар)
Бас редактордың орынбасары **Медеубаева Ж.М.**, Ph.D., т.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана,
Қазақстан (саяси ғылымдар)

Редакция алқасы

Абжапшарова Б.Ж. т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (шығыстану)
Азмуханова А.М. т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (шығыстану)
Әлиева С.К. т.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Борисов Н.А. с.ғ.д., Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасының меңгерушісі, Мәскеу, Ресей (саяси ғылымдар)
Бюлегенова Б.Б. с.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Галимуллина А. Ф. ф.ғ.д., доцент, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан Республикасы, Ресей Федерациясы (түркітану)
Дегтярев Д.А. с.ғ.д., э.ғ.к., профессор, РУДН, МГИМО СИМ, Спбму, Мәскеу, Санкт-Петербург, Ресей (саяси ғылымдар)
Джубатова Б.Н. ф.ғ.д., проф., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан (шығыстану)
Дюсембекова М.К. с.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Ескеева М.К. ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (түркітану)
Курылев К.П. т.ғ.д., проф., Ресей Халықтар Достығы Университеті (РУДН), Мәскеу, Ресей (саяси ғылымдар)
Ланко Д.А. с.ғ.к., доцент, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, Ресей (саяси ғылымдар)
Невская И.А. ф.ғ.к., проф., Гете атындағы университет, Франкфурт-на-Майне, Германия (түркітану)
Нұрбаев Ж.Е. т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (аймақтану)
Оспанова А.Н. Ph.D., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (аймақтану)
Рыстина И.С. Ph.D., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Смагулова Г.М. т.ғ. к., доцент, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Стамбулов С.Б. Ph.D. доцент, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан (аймақтану)
Сыздыкова Ж.С. т.ғ.д., проф., М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу, Ресей (аймақтану)
Тектігүл Ж.О. ф.ғ.д., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан (түркітану)
Троцкий Е.Ф. т.ғ.д., проф., Томск мемлекеттік университеті, Томск, Ресей (аймақтану)
Тыбыкова Л.Н. ф.ғ.к., проф., Горно-Алтай мемлекеттік университеті, Горно-Алтайск, Ресей (аймақтану)
Уяма Томохико т.ғ.д., проф., Хоккайдо университеті, Саппоро, Жапония (шығыстану)
Шаймердинова Н.Г. ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (түркітану)
Юсупова А.Ш. ф.ғ.д., проф., Қазан мемлекеттік университеті, Қазан, Ресей (шығыстану)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-410)

E-mail: vest_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz/>

Жауапты хатшы: Тұбышева А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ. ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ сериясы

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 24.02.2021 ж. № KZ05VPY00032822 - қайта есепке қою туралы куәлігі

Ашық қолданудағы электрондық нұсқа: <http://bulpolit.enu.kz> Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 20 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-410)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief: **Roza Nurtazina**

Doctor of Political Sciences, Prof., L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political science)

Deputy Editor-in-Chief: **Yelena Nechayeva**, *Can. of Political Sci., Prof., L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political science)*
Deputy Editor-in-Chief: **Zh anar Medeubaeva**, *Ph.D., Can. of Historical Sci., Assoc.Prof., L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political science)*

Editorial board

- Abzhapparova B.Zh.** Doctor of Historical Sci., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (oriental studies)
Azmukhanova A.M. Can. of Historical Sci., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (oriental studies)
Aliyeva S.K. Can. of Historical Sci., Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political sciences)
Borisov N.A. Doctor of Political Sci., Head of the Department of Theoretical and Applied Political Science, Russian State University for the Humanities, Moscow, Russia (political sciences)
Byulegenova B. B. Candidate of Political Sci., Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political sciences)
Galimullina A.F. Doctor of Philosophy, Associate Professor, Kazan (Volga Region) Federal University, Kazan, Republic of Tatarstan, Russian Federation (turkology).
Degtyarev D.A. Doctor of Political Science, Candidate of Economic Sciences, Professor, RUDN, MGIMO MFA, St. Petersburg State University, Moscow, St. Petersburg, Russia (political sciences)
Dzhubatova B.N. Doctor of Philosophy, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan (**oriental studies**)
Dyusembekova M.K. Can. of Political Sci., Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political sciences)
Eskeyeva M.K. Doctor of Philosophy, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (turkology)
Kurylev K.P. Doctor of History, Professor, RUDN, Moscow, Russia (political sciences)
Lanko D.A. Candidate of Political Sciences, Associate Professor, Saint Petersburg State University, Saint Petersburg, Russia (political sciences)
Nevskaya I.A. Ph.D., Goethe University, Frankfurt-am-Maine, Germany (turkology)
Nurbaev Zh.E. Candidate of Historical Sciences, L. N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (regional studies)
Ospanova A.N. Ph.D., Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (regional studies)
Rystina I.S. Ph.D., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)
Smagulova G.M. Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, E.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan (political Science)
Stambulov S.B. Ph.D., Associate Professor, E.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan (regional studies)
Syzdykova Zh. S. Ph.D., Professor, Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia (regional studies)
Tektigul J.O. Doctor of Philosophy, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan (turkology)
Trotsky E.F. Doctor of Historical Sciences, Professor, Tomsk State University, Tomsk, Russia (regional studies)
Tybykova L.N. Candidate of Philosophy, Professor, Gorno-Altai State University, Gorno-Altai, Russia (regional studies)
Uyama Tomohiko Doctor of Historical Sciences, Professor, Hokkaido University, Sapporo, Japan (oriental Studies)
Shaimerdinova N.G. Doctor of Philosophy, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (turkology)
Yusupova A.Sh. Doctor of Philosophy, Professor, Kazan State University, Kazan, Russia (oriental Studies)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 402, Astana city, Kazakhstan, 010008.

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-410). E-mail: vest_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz>

Responsible secretary: A.A. Tubysheva

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES. ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N.Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate No. KZ05VPY00032822 dated 24.02. 2021

Available at: <http://bulpolit.enu.kz> Periodicity: 4 times a year. Circulation: 20 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31-410)

Главный редактор: **Нуртазина Р.А.**
д.полит.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит. науки)

Зам. главного редактора: **Нечаева Е.Л.**, *к.полит.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит. науки)*

Зам. главного редактора: **Медеубаева Ж.М.**, *Ph.D., к.и.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)*

Редакционная коллегия

Абжаппарова Б.Ж.	<i>д.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (востоковедение)</i>
Азмуханова А.М.	<i>к.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (востоковедение)</i>
Алиева С.К.	<i>к.и.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)</i>
Борисов Н.А.	<i>д.п.н., заведующий кафедрой теоретической и прикладной политологии Российский государственный гуманитарный университет России, Москва, Россия (полит. науки)</i>
Бюлегенова Б.Б.	<i>к.п.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)</i>
Галимуллина А.Ф.	<i>д. ф. н., доцент. ФГАОУ ВО «Казанский (Приволжский) федеральный университет», Казань, Республика Татарстан, Российская Федерация (тюркология)</i>
Дегтярев Д.А.	<i>д.п.н., к.э.н., проф., РУДН,МГИМО МИД, СПбГУ, Москва, Санкт-Петербург, Россия (полит.науки)</i>
Джубатова Б.Н.	<i>д.ф.н., проф., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан (востоковедение)</i>
Ескеева М.К.	<i>д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (тюркология)</i>
Курылев К.П.	<i>д.и.н., проф., РУДН, Москва, Россия (полит.науки)</i>
Ланко Д.А.	<i>к.п.н., доцент, Санкт-Петербургский гос.университет, Санкт-Петербург, Россия (полит.науки)</i>
Невская И.А.	<i>Ph.D., Гете Университет, Франкфурт-на-Майне, Германия (тюркология)</i>
Нурбаев Ж.Е.	<i>к.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (регионоведение)</i>
Оспанова А.Н.	<i>Ph.D., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (регионоведение)</i>
Рыстина И.С.	<i>Ph.D., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)</i>
Смагулова Г.М.	<i>к.и.н., доцент КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан (полит.науки)</i>
Стамбулов С.Б.	<i>Ph.D., доцент КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан (регионоведение)</i>
Сыздыкова Ж.С.	<i>д.и.н., проф., МГУ имени М.В. Ломоносова, Москва, Россия (регионоведение)</i>
Тектигул Ж.О.	<i>д. ф.н., Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан (тюркология)</i>
Троцкий Е.Ф.	<i>д.и.н., проф., Томский государственный университет, Томск, Россия (регионоведение)</i>
Тыбыкова Л.Н.	<i>к.ф.н., проф., Горно-Алтайский государственный университет, Горно-Алтайск, Россия (регионоведение)</i>
Уяма Томохико	<i>д.и.н., проф., Университет Хоккайдо, Саппоро, Япония (востоковедение)</i>
Шаймердинова Н.Г.	<i>д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (тюркология)</i>
Юсупова А.Ш.	<i>д.ф.н., проф., Казанский государственный университет, Казань, Россия (востоковедение)</i>

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 402 Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-410)

E-mail: vest_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz/>

Ответственный секретарь: *Тубышева А.А.*

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ. ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ

Собственник: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева». Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет № KZ05VPY00032822 от 24.02.2021 г.

Электронная версия в открытом доступе: <http://bulpolit.enu.kz> Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 20 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31-410)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Б. Ахатай¹
Е. Досымхан²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
²Astana IT University, Астана, Қазақстан
(E-mail: magtarih@mail.ru, y.dossymkhan@astanait.edu.kz)

Мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту саясатының теориялық негіздері

Аңдатпа. Соңғы онжылдықта дүние жүзінде жүріп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйелердің трансформациялану процестері елдерді мемлекеттік-жекешелік әріптестігі саласындағы мемлекеттік саясат тұрғысынан жаңа тәсілдерді іздеуге итермелейді. Қоғамның қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет пен жеке сектордың әріптестік қатынаста әрекеттесе отырып жұмыс жасауы тетіктерін кеңейту қажеттілігі уақыт өткен сайын артуда. Мемлекет пен жеке сектордың стратегиялық әріптестігін қалыптастыру арқылы Қазақстан Республикасы елдің болашағын қамтамасыз ететін және кепілдік беретін экономикалық тәртіп пен қатынастар жүйесін қалыптастыра алады.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алып, демократиялық режим талаптарына сәйкес қоғамның барлық салаларын модернизациялады. Экономикалық саланың нарықтық қатынастар жүйесіне сәйкес трансформациялануы жеке кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына негіз болды. Осы тұста қоғамның қажеттілігін қамтамасыз ету салалары мектеп, балабақша, денсаулық сақтау, қызмет көрсету салалары, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, туризм т.б. мемлекеттің қолдауымен жеке сектор арқылы атқарылуы әлемдік тәжірибеге сүйене отырып жүзеге асты. Әлемде экономикалық дамыған елдерде мемлекеттік-жекешелік әріптестік қызметі жолға қойылып, дамуда. Әрбір елдегі жекеменшік секторлары қоғамның әлеуетін қамтамасыз ету мақсатында екі жақтың да мүдделерін қанағаттандыру мақсатында жұмыс істеу үшін оның қызметіне мүмкіндік жасайтын саяси жүйе қызмет жасауы керек. Яғни, демократиялық режимдегі ашық қоғам меншіктің барлық түріне еркіндік беретін либералистік принципте мемлекетте экономиканың маңызды секторының бірі жекеменшік пен мемлекеттің әріптестігі қызметіне жол ашылады.

Мақалада мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің мәселелерін зерттеп, оның шешу жолдары мен механизмдерін ұсынуда ең алдымен осы мәселені теориялық тұрғыда негізделуі қарастырылады. Яғни, зерттеу жұмысы сүйенетін теориясын талдап, жалпы ғылыми әдістерге сүйене отырып, теорияны операциялизациялау, аналогиялық теорияларды талдау, оларды классификациялау, индукция, дедукция әдісі арқылы теорияны нақтылап осы мәселенің теориясын қойып, методологиясын сипаттау. Демек, ғылыми теория анықталып, әдістер арқылы тексеріледі.

Түйін сөздер: Мемлекеттік-жекешелік әріптестік, жекешелік, бизнес, экономика, неoinституционализм, неокорпоративизм.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-142-1-18-28>
Түсті: 10.06.2022 / Жариялауға қабылданды: 17.10.2022

Кіріспе

Бүгінгі таңда ел дамуының жоғары және тұрақты қарқынын қамтамасыз ету, мемлекеттік биліктің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу мемлекеттік және муниципалды органдардың жеке бизнес өкілдерімен мүдделі серіктестігінсіз мүмкін емес екені күннен-күнге айқын болуда. Тек бюджет қаражатын пайдалануға бағытталған стратегиялар мен бағдарламалар билікке елдің жоғары бәсекеге қабілеттілігінің негізінде ауқымды, стратегиялық жобаларды жүзеге асыруға жеткіліксіз. Қазіргі кезде халықаралық деңгейде қаржыландырудың баламалы көзі мемлекеттік-жекешелік әріптестік болып табылады.

Қазіргі заманғы мемлекеттер объектіні дамыту және басқару үшін жеке инвестицияларға, кәсіпкерлердің қолдауын қажет етеді. Бірақ ол объектілерді жекешелікке толығымен бере алмайды. Бұл мәселені шешудің ең тиімді жолы – мемлекеттік-жекешелік әріптестік. Яғни, мемлекет объектіге жекешелік құқығын сақтай отырып, әріптес ретінде жұмыс жүргізеді.

Зерттеудің мақсаты. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің теориялық негізі өте күрделі. Өйткені ол мемлекеттік басқару, экономика, әлеуметтану, құқықтану, қоғамтану сияқты көптеген ғылымдардың байланысын қамтитын пәнаралық мәселе. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің даму саясатының тенденциялары мен перспективаларын зерттеу үшін бұл мәселенің теориялық негізін талдап, оны зерттеудің методологиясын анықтау.

Негізгі бөлім

Қазақстанның саяси жүйесінің демократиялық режимге трансформациялануы жағдайында мемлекет пен жеке сектор арасындағы қарым-қатынас жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылуда. Кеңестік жүйеде экономикалық қатынастар жоспарлы болғандықтан, меншіктің бір ғана түрі яғни, қоғамдық меншік болды. Бес жылға жоспарланған экономикада қоғамдық меншік бәсекелестіктің дамуына кедергі жасады. Бұл

жағдайда орта таптың қалыптасуы мен оның мемлекеттік экономикалық дамуға қатысуының жүзеге асырылуы мүмкін болмады. Сөйтіп, модернизацияланған қазақстандық қоғам біртіндеп нарықтық қатынастарға ауысып, орта таптың қалыптасуы мен дамуы қарқынды жүзеге асты. Ел экономикасындағы нарықтық реформалар жылдарында мемлекеттік сектор айтарлықтай қысқарды, тіршілікті қамтамасыз етудің маңызды объектілерін басқару функциялары бірте-бірте жеке кәсіпкерлікке берілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында «Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді» деп атап өтті. Сонымен қатар жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары мыналар деп көрсетілді:

- жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, яғни, мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуынан бас тарту;
- бәсекелестікті дамыту, яғни бәріне бірдей мүмкіндік беру;
- сондай-ақ, ұлттық табысты әділ бөлу.

Мұның бәрі кезек күттірмейтін бірқатар маңызды міндетті шешуді талап етеді. [1]

Қазақстан үшін жеке сектормен стратегиялық әріптестікке көшу, елдің болашағын қамтамасыз ететін және кепілдік беретін экономикалық тәртіп пен қатынастар жүйесін қалыптастыру үшін өте маңызды. Еркін бәсекені мемлекеттік реттеу шараларымен және қоғам мен болашақ ұрпақтың мүдделерін қамтамасыз ету қоғамның экономикалық және саяси жүйесі модернизациялануына байланысты. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік – осы жаңарудың маңызды құралдардың бірі.

Қазіргі таңда қазақстандық қоғамда мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту қажеттілігі күн санап артуда. Себебі бұйрықтық-әкімшілік басқару жүйесінен бас тартып, нарықтық қатынасқа бет алған Қазақстан

Республикасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселесін жолға қоя бастады.

Қоғамның басты бір саласы, маңызды институты ретінде мемлекет пен жекешеліктің әріптестігі де негізгі экономикалық сала ретінде мемлекеттік саясаттың назарында. Кез-келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің кепілі саяси тұрақтылық екені теориялық тұрғыдан да практикалық көзқараста белгілі. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдардан бастап, көп этникалық, көп конфессиялық күрделі құрылымды қоғамда олардың саяси тұрғыдағы татулықтары мен түсіністігі ғана емес, сонымен бірге материалдық тұрғыда қажеттіліктерін қамтамасыз ете алатын мемлекет қалыптастыру мәселесі тұрды. Бұл елдің экономикалық тұрғыда нығайып, халықтың әл-ауқатының күшеюін жолға қоюдың жолдарын қарастыру мен мемлекеттің экономикалық, бизнес секторларын дамытудың мәселелерін қарастырып, шешудің тетігін іздеу. Сондықтан, белгілі бір қоғамдағы әрекеттерді жүзеге асыру үшін оның ғылыми негізделуін, зерттелуін жолға қойған дұрыс.

Қазіргі таңда Қазақстанда да және шетелдерде де мемлекеттік билік пен биз-нес-қоғамдастық тарапынан мемлекеттік-жекешелік әріптестікке айтарлықтай қызығушылық артауда. Кез-келген дамыған демократиялық мемлекет оның саяси процестеріне тек мемлекеттік билік органдарының ғана емес, сондай-ақ жұртшылық, бизнес-қоғамдастық өкілдерінің де белсенді қатысуымен сипатталады.

Осы тұста теориялық тұрғыда мемлекет қаншалықты экономикаға араласа алады. Жекешелік, бизнес, экономика еркіндігі қалай жүзеге асу керек деген сұрақтар талқылану қажет. Неокорпоративизм теориясы осы сұрақтарға жауап беруге тырысады. Өйткені неокорпоративизм жекешелік пен мемлекетті тең дәрежеде бір корпорацияның субъектілері ретінде қарастырады.

Қазіргі заманғы экономиканы ұйымдастыру мен жүргізудің күрделі нысандары болып табылатын жекешелік, экономика салалары және секторларының қызметін мемлекеттік реттеусіз мүмкін емес. Сондықтан бұл мәсе-


лені саясаттану ғылымының мемлекеттік басқару арқылы қоғамның барлық салаларын реттеу ұйымдастыру бойынша неокорпоративизм теориясы арқылы қарастырған жөн. Бұл жерде мемлекет қаншалықты жеке секторға яғни, бизнеске еркіндік береді, мемлекет бұл мәселені қалай ұйымдастырады деген сұрақтарды неокорпоративизм теориясы нақтырақ түсіндіреді.

Саясаттануда корпоративизм мүдделі топтарды жүйелік ұйымдастырылудың бір түрі ретінде қарастырады. Г.Алмондтың пікірінше, корпорация (немесе «мүдделі топтардың демократиялық корпоративті жүйесі») «плюралистік» және «бақыланатын» жүйелерге қарсы тұрады. Сонымен қатар, корпорация келесі сипаттамалармен сипатталады:

- Әр әлеуметтік мүдде әдетте ассоциациямен ұсынылады;
- Корпорациялық бірлестікке мүше болу көбінесе міндетті болып табылады және жалпыға ортақ болып табылады;
- Әмбебап корпорациялар бірлестіктер орталықтандырылған болып табылады және олардың мүшелерінің іс-әрекеттерін басқарады;
- Мемлекеттің саяси бағытын жасау мен іске асыруда мүдделі топтар жүйелі түрде қатысады.

Демек, жекешелік, бизнес корпоративті жүйенің элементі ретінде жұмыс істейді. Қазіргі саяси ғылым мен әлеуметтануда корпоративизм әр түрлі мүдделі топтар мен мемлекеттің өзара әрекеттестігін плюрализммен және синдикализммен бірге сипаттайтын зерттеу пәні ретінде қарастырылады. «Неокорпоративизм» термині нарықтық экономика жағдайында жеке бизнес, кәсіподақ ұйымдары мен мемлекет арасындағы келіссөздер процесін білдіру үшін қолданылады. Мемлекеттік корпорация деп жеке және қоғамдық ұйымдарды мемлекеттің реттеуі арқылы шенеуніктердің мемлекеттік реттеуді заң негізінде жүргізу тәжірибесін айтады.

Суретте көрсетілгендей, алғаш корпоративизм теориясының негізі қалыптаса бастаған XI-XV ғасырларда Батыс Еуропада пайда болған идея мемлекет пен қатысты қоғамдық



Сурет 1. Корпоративизм теориясының қалыптасуы мен даму эволюциясы

топтардың байланысын мемлекеттің осы қатынастарды реттеудегі рөлін зерттей бастады. Дегенмен, корпоративизм нақты мемлекет пен жекешелік саласының қоғамдық мүддеге қызмет ету мәселесі қарастырмады. Тек қана қоғамның мүдделі топтарын корпорация ретінде түсіндірді.

Ал, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі «корпоративизм» сол кездегі орын алған саяси ахуалмен тығыз байланысты болды. Яғни, фашистік Италия корпоративизмі, Португалия, Испания, Бразилия, Франция және басқа елдерде көрініс тапты. Ол елдерде жекешеліктің рөлі арта бастағанын оны мемлекеттің реттеуі мен ұйымдастырудағы рөлінен байқауға болады. Соғыстан кейінгі кезеңде Батыс Еуропаның барлық дерлік елдері корпоративтік идеялар мен тәжірибелер кезеңінен өтті.

Ал, осы зерттеудің теориялық зерттеуіне негіз болып отырған неокорпоративизм теориясы XX ғ-дың 2-ші жартысындағы Бельгия, Дания, Нидерланды, Швеция, Норвегия, Финляндия елдеріндегі мемлекеттік деңгейде осы теория жүзеге асырылып, қазіргі таңда нағыз әлеуметтік мемлекет болып отырған елдерде жүзеге асып отыр.

Соғыстан кейінгі корпоративизмнің фашистік ұғымының беделі түсіп, оның негізгі ұғымы анықталды. Неокорпоративизм ұғымы қауымдастықтар мен басқа да салалық топтарға негізгі субъектілер рөлін бере отырып, мемлекетке тек реттеуші рөл беріледі деген түсінік берді. Ф. Шмиттер бұл қатынасты «әлеуметтік корпоративизм» деп атады, ал бұны Г. Лембрух «либералдық корпоративизм» деп атап, мемлекет саясаты ең алдымен ірі ассоциациялық бірлестіктердің, бизнес-ассоциациялар мен кәсіподақтардың мүдделеріне негізделетінін атап көрсетті. Яғни, Ф. Шмиттер неокорпоративизм мемлекет пен мүдделі топтар және саясат арасындағы маңызды қатынас деп өзінің көзқарасын білдірген. Д. Марш мүдделі топтардың үнемі қойылатын талаптары біртіндеп институционалануын мемлекет пен топтарды серіктес ретінде қарастыру деп түсіндірді. Үкімет мүдделі топтардан тәуелсізге айналады. Демек, институттар мен топтар арасындағы теңдік яғни, серіктестік қатынастар орнайды. Р. Родс мемлекет тек қысым

Кесте 1. Корпоративизм теоретиктері [2]

Филипп Шмиттер	Мемлекет пен мүдделі топтар және саясат арасындағы маңызды қатынас
Рой Родс	Мемлекет тек қысым топтарының талабына жауап беретін агент емес, ол корпорация мүшесі
Дэвид Марш	Мүдделі топтардың үнемі қойылатын талаптары біртіндеп институционаланады. Үкімет мүдделі топтардан тәуелсізге айналады.

кетке тек реттеуші рөл беріледі деген түсінік берді. Ф. Шмиттер бұл қатынасты «әлеуметтік корпоративизм» деп атады, ал бұны Г. Лембрух «либералдық корпоративизм» деп атап, мемлекет саясаты ең алдымен ірі ассоциациялық бірлестіктердің, бизнес-ассоциациялар мен кәсіподақтардың мүдделеріне негізделетінін атап көрсетті. Яғни, Ф. Шмиттер неокорпоративизм мемлекет пен мүдделі топтар және саясат арасындағы маңызды қатынас деп өзінің көзқарасын білдірген. Д. Марш мүдделі топтардың үнемі қойылатын талаптары біртіндеп институционалануын мемлекет пен топтарды серіктес ретінде қарастыру деп түсіндірді. Үкімет мүдделі топтардан тәуелсізге айналады. Демек, институттар мен топтар арасындағы теңдік яғни, серіктестік қатынастар орнайды. Р. Родс мемлекет тек қысым

топтарының талабына жауап беретін агент емес, ол корпорация мүшесі дей отырып, олардың қатынасын, әр жақтың мүдделері тұрғысынан қарастырады.

Дегенмен 1980-1990 жылдары неолиберализмнің белең алуымен неокорпоратизм біршама саяси өмірде маңызын әлсіретті. Неолиберализм Американдық және Батыс Еуропалық мүдделі топтар мен мемлекет арасындағы қатынасты реттеу мен ұйымдастырудың өзіндік моделі болса, неолиберализм өзінің рөлін скандинав елдерінде жойған жоқ. Неолиберализм бәсекелестік принциптері мен еркін нарық заңдарын орнату қызметін атқарады, еркін нарық пен шектеусіз бәсекені қамтамасыз етудің негізгі құралы ретінде қарастырылады. Неолиберализм экономиканы реттеу, жекешелендіру, мемлекеттік шығындарды қысқарту, жеке сектордың рөлін арттыру және шектеусіз еркін сауда элементтерін қамтиды. Дегенмен, неокорпоративизм мемлекет пен жекешелік секторларының қарым-қатынасының маңызына ие.

Еркін нарық идеяларын қолдаған мемлекеттің рөлін төмендетуге бағытталған неолибералдық идеология корпоратизм принциптерімен тікелей қайшы келді. Сондықтан мемлекеттік жекешелік әріптестігінің байланысын қарастыратын неокорпоративизм теориясы маңызды.

Мемлекет пен жекешеліктің әріптестігін зерттеудің теориялық негізін қарастыра отырып, неокорпоративизм теориясына сүйенетінін айтқаннан кейін енді осы мәселенің түсінігін, ұғымын, маңызын, мазмұнын анықтап алу маңызды.

Мемлекеттік жекешелік серіктестіктің қалыптасуы мен дамуы 1980-1990 жылдардағы мемлекеттік активтердің жекешелендірілуіне байланысты экономиканың либерализациялануына байланысты жүрді. Бұл процесс қазіргі заманда нарықтық экономикада шаруашылықтың әріптестік формаларының өсуіне байланысты қарқынды дамып отыр. Екінші жағынан ұлттық мемлекеттер өзінің меншігіндегі инфрақұрылымдарды модернизациялауға шамалары келмейді. Сондықтан бизнес, жеке секторларды тарту мемлекеттің алдындағы әлеуметтік мәселелерді шешудің, сол

проблемадан шығудың ұтымды жолы болып отыр.

Бизнес құрылымдар мемлекетке қарағанда инфрақұрылымдық мәселелерді шешуде мобильді және жылдам. Олар орын алған жағдайды тез арада шешіп, нәтижесін бере алады. Ал, мемлекет өз тарапынан институционалдық шараларды ұйымдастыра алады. Яғни, субсидиялар, кепілдік т.б. шараларды мемлекет өз тарапынан орындайды.

Саяси ғылым өзінің даму барысында қоғамның әртүрлі саласын байланысты қарастыруға тырысып, оны зерттеудің методологиялық негізін дамытты. Осы тұста мемлекеттік басқару саясаттанудың маңызды зерттеу пәні бола отырып, қоғамның барлық саласының реттелуі, ұйымдастырылуы, жүзеге асырылуын қарастыратыны белгілі. Мемлекеттің пайда болуы мен дамуының эволюциясы қоғамның барлық саласының қатысты дамуына тікелей байланысты. Ол тұрақты дамуды қамтамасыз етеді. Демек, мемлекеттің дамуы экономикалық даму негізіндегі саяси тұрақтылық пен әлеуметтік жағдайдың реттелуі мен рухани құндылықтардың күшейуіне ықпал ететіні сөзсіз. Демек, мемлекеттік саясат қоғамдағы саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, рухани-мәдениет сияқты салаларының қызметін ұйымдастырып, реттейді, қызметті жүзеге асырады. Саяси ғылым тарапынан осы саланы зерттеуге арналған жұмыстар оның көптеген методологиялары мен тұжырымдарын көрсетеді. Атап айтатын болсақ, саясаттану мен экономикалық қатынастардың қоғамның дамуына маңызды байланысын неоинституционализм методологиясы бірнеше теориялар негізінде қарастырады. Саяси ғылымның ең алғашқы негізгі методологиялық негізі ретінде алғашында институттардың мемлекеттегі байланысты қызметін институционализм қарастырды. XX ғасырдың басындағы классикалық институционализм формальды емес институттар мен мүдделі топтардың қоғамдағы рөлін зерттеді. М. Вебер, В. Вильсон тұжырымдары бойынша бизнес құрылымдарды формальды емес институттар болса, онда оларды әлі де болса мемлекетпен бизнес құрылымдарын байланысты қарастырмады. Институционализмнің

Кесте 2. Неоинституционализмнің төрт нұсқасы [3]

	Неоинституционализм Рационалды таңдау	Тарихи неоинституционализм	Әлеуметтанулық неоинституционализм	Дискурсивті неоинституционализм
Зерттеу объектісі	Рационалды әрекет және мүдделер	Тарихи тәртіптер мен дәстүрлер	Мәдени нормалар мен құрылымдар	Идеялар мен дискурстар
Түсіндіру логикасы	Есеп	Тәуелділік жолы	Сәйкестілік	Коммуникация
Өзгерісті түсіндіру құралдары	Тұрақты артықшылықтар мен тұрақты институттармен қамтамсыз етілген статикалық сабақтастық	«Тәуелділік жолы» қамтамсыз етілген статикалық сабақтастық	Мәдени нормалар мен идентификациялық құрылымдармен қамтамсыз етілген статикалық сабақтастық	Дискурсивтік әрекеттер және идеялармен қамтамсыз етілген динамикалық сабақтастық
Түсіндіру мәселелері	Экономикалық детерменизм	Тарихи детерменизм	Мәдени детерменизм немесе релятивизм	Идеялық детерменизм немесе релятивизм

кемшілігі институттарды жеке дара бір-біріне қатысты емес қарастырды. Ал, 1970-1980 жылдары неоинституционализм жетілдірілген методология ретінде мемлекет пен барлық институттарды байланысты зерттеді. Осы тұрғыда бизнес құрылымдары экономиканың басты саласы бола отырып, мемлекет пен жеке-шелік серіктестігі маңызды құрылым ретінде қарастырылып, мемлекеттің әлеуметтік жобаларына қатысу арқылы қамқорлықты қажет ететін салаларды қамтамсыз етудің жолы ретінде қарастырылады. Джеймс Марш пен Йохан Олсен «Жаңа институционализм: Саяси өмірдегі ұйымдастырушылық факторлар» еңбектерінде неоинституционализм саясаттану ғылымына «экономикалық империализм» ықпалымен яғни, экономикалық методологияның неоекономикалық зерттеулерге кіруімен байланысты. Сондықтан, мемлекеттік-жеке-шелік әріптестіктің даму саясатын зерттеу тікелей неоинституционализм методологиясына сүйене отырып, қатысты теориялармен негізделеді. Өйткені, неоинституционализм экономикалық құрылымдарды байланыстыра отырып, мемлекеттің қатысуымен реттелуін қарастырады.

Неоинституционализм методология ретінде мемлекеттік-жеке-шелік әріптестіктің даму саясатын зерттеуде төрт тәсіл арқылы қара-

стырылады. Яғни, экономикалық (рационалды таңдау теориясы), әлеуметтанулық, тарихи, дискурсивті. Демек, көрсетіліп отырған салалардың барлығы да мемлекеттік-жеке-шелік әріптестіктің дамуына қатысты болып табылады. Аталып отырған тәсілдер мемлекеттік-жеке-шелік әріптестік экономиканың мемлекетке қатысты басты саласы болғандықтан маңызды болып саналады.

Жоғарыдағы кестедегі неоинституционализмнің төрт нұсқасына назар аударатын болсақ, әрқайсысының саясат пен экономиканың байланыстылығын көреміз. Яғни, рационалды таңдау теориясы экономикалық қатынаста тиімдісін таңдау немесе мемлекетпен қатынаста индивидуализмді анықтайды. Жеке-шелік өзінің экономикалық міндетін мемлекетпен тиімді орындау мүмкіндігін қамтамсыз ете алады. Сондықтан, неоинституционализм саяси ғылымның методологияларының ішінде экономикалық қатынастарда тиімді таңдауға мүмкіндік беретін жеке меншік пен мемлекеттің қатынасын зерттеуге көмектесетін бірден-бір методология. Экономикалық қатынасты бұл жерде рационалды таңдау теориясы тұрғысынан келетін болсақ, бизнес, яғни оны жүзеге асырушы жеке сектордың, жеке-шеліктің мемлекетпен серіктестік қызметін әр тәсіл өзінше қарастырады. Атап айтатын болсақ,

бірінші тәсіл әлеуметтанулық неoinституционализм Э. Дюркгейм, М. Вебер еңбектерінде көрініс тапса, кейінірек Г. Саймонның «Адам моделі:әлеуметтік және рационалды» еңбегінде әлеуметтанулық неoinституционализм институттарды әлеуметтік өзарақатынастың тұрақты тәжірибесі ретінде социомәдени контексте анықталатын мәдени нормалар мен құрылымдар жиынтығы ретінде қарастырады. [4]

Әлеуметтанулық неoinституционализм методологиялық индивидуализмді абсолютті деп есептемейді. Ұйымдар жеке адамдар сияқты топтық негізде өздерінің әрекеттерін жүзеге асырады. Демек, олар институттар мен белсенді байланысқа түсе отырып, өздерінің мақсаттарын жүзеге асырады. Осы жерде жекешелік құрылымдарын мемлекетпен байланысқа түсетін белсенді құрылым ретінде айтуға болады.

Тарихи неoinституционализм әлеуметтанулық неoinституционализмге қарағанда мемлекетпен институттардың қарым-қатынастарын даму эволюциясына қатысты қарастырады. Тарихи неoinституционализмнің орталық түсінігі «тәуелділік жолы» болып табылады. Бұл тәсіл қоғамдағы институттардың өзгерістері мен даму эволюциясын қарастырады. Яғни, экономикалық институттар мен билік құрылымдарының серіктес ретіндегі байланысты дамуының қалыптасуы мен жетілдірілуі жолдарын қарастырады. Осы жолда институттар яғни, мемлекет пен жекешелік серіктестігі қатынастарының қалыптасуы мен даму жолындағы өзгерістер, реформалары оның жүзеге асырылу жолдарының даму жолы қарастырылады. Өйткені, өзара байланысты неoinституционализм методологиясына сәйкес мемлекет пен жекешеліктің дамуы тарихи эволюциясыз мүмкін емес. К. Телен (1999 ж) тарихи даму жолы арқылы институттар бұрынғы даму траекториялары арқылы дамиды, жаңарады. Осы қатынаста субъектілер институттарды таңдайды. Осы тұрғыда бұл тұжырымды екі тұрғыда қарастыруға болады: біріншісі, (К.Телен 1999) «кері байланыс принципі» және екіншісі, (П.Пиерсон 2000) «саяси әлемде өтеу процессінің өсімі» идеясы.

Екі бір-бірін толықтыратын тәсілдер болғанымен әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтатын болсақ, біріншісі басқару жүйесін өткен шешімдермен байланысты қарастырады. Демек, мемлекет жекешелікпен әріптес бола отырып, басқарудың жүйесін тарихи жолмен қатысты ұйымдастырады. Яғни, адамдар немесе құрылымдар бұл жерде меншік институттары өздеріне қатыстыны таңдап қана қоймайды сонымен бірге басқару жүйесін жетілдіреді. Екіншісі, тиісті институттың әлеуетін арттыру арқылы қабылданған саяси институттардың шығындарын өтеу жүйесін қарастырады. Бұл тұрғыда жекешелік институттары билік жүйесімен басқа институттардың әсіресе әлеуметтік институттардың әлеуетін арттыруға жұмыс істейді.

Дискурсивті неoinституционализм В. Шмидт бойынша мемлекет пен жекешелік секторларының ара қатынасында идея басымдық рөл атқарады. Экономикалық неoinституционализм идеяларға әсер етуші фактор емес, анықтаушы фактор ретінде қарастырылады. Яғни, мемлекет пен жекешелік қатынастарында әлеуметтік әлеуетті арттыру мақсатында идеялар басты анықтаушы фактор болып табылады. Саяси, экономикалық қатынастарға түсетін жекешелік секторлары мемлекетке белгілі бір идеясымен байланысқа түседі. Сол идеяларды жүзеге асыруда рационалды тиімдісін таңдау тұрғысында яғни, мемлекет те, жекешелік сектор да мақсатқа жетуге тырысады. Сондықтан идея осы қатынаста негізгі базалық факторлық қызметті атқарады.

Талданған неoinституционализм методологиясы тұрғысынан мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің даму саясаты саяси, экономикалық, әлеуметтанулық, дискурсивті талданды. Демек, бұл күрделі құбылыс саяси институттардың басқару жүйесінің экономикалық институттардың негізгі құрылымы ретінде жеке-меншіктің байланысы әрқайсысының өздеріне тиімді позициясына ие бола отырып, өз мақсаттарын жүзеге асыратын қызметтерінің методологиялық негізі талданды.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің екі түрлі түсінігі бар. Біріншіден, бұл ұлттық құрал ретінде кеңінен

қолданылатын мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынас жүйесі, халықаралық, аймақтық, қалалық, муниципалдық экономикалық және әлеуметтік дамуды жоспарлау болса екіншіден, бұл әртүрлі мемлекеттік органдар мен жеке компаниялар жүзеге асыратын нақты жобалар мемлекеттік және муниципалдық меншік объектілері болып табылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің түсінік аппаратына келетін болсақ, МЖӘ дегеніміз – мемлекет пен муниципалдық қатынастардың бірлескен инвестициялау және тәуекелді бөлісу жүйесін қамтитын заңды түрде ресімделген жобалар жүйесі, қызметі. Мемлекеттік және муниципалдық меншік объектілері болып табылатын азаматтар мен заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік және муниципалдық органдар, ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар көрсететін қызметтер жиытығы болып табылады.

Қазіргі таңда демократиялық режимде өмір сүріп отырған осы жүйеге сәйкес қалыптасқан саяси жүйе орын алған мемлекеттерде экономикасы нарықтық қатынасқа бейімделгендіктен мемлекеттік-жекешелік әріптестік

қызметі жолға қойылып дамып келеді. Сондықтан оның түсінігі әр елдің қалыптасқан жүйесіне байланысты түсіндіріледі. Атап айтатын болсақ, Америка Құрама Штаттары осы қызметті жолға қойған алғашқы елдердің бірі ретінде өзіндік тәжірибеге ие. Сонымен бірге бұл ұғымға нақты түсінік береді. Яғни, МЖӘ «мемлекет пен жеке компания арасындағы қазіргі мемлекеттік меншікке қатысуға мүмкіндік беретін келісімшарттық келісім ретінде түсіндіріледі[5].

Соңғы жылдары Еуро Одақтың МЖӘ мәселелеріне қатысты шығарған құжаттарында мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің түсінігін анықтауға тырысады. Дегенмен, Қоғамдастық деңгейінде нақты түсінігі анықталмаған. Өйткені Қоғамдастық мүшелері болып табылатын әрбір мемлекет өзінің деңгейінде мемлекеттік-жекешелік әріптестігі қызметін ұйымдастырады. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және қоғамдық шарттар мен концессиялар туралы қоғамдастық заңнамасы» атты Жасыл кітапта МЖӘ – қаржылық қамтамасыз ету, құрылыс, қызмет көрсету, басқаруды модернизациялау, инфрақұрылым жасау және қызмет көрсету қызметтері қоғам-

Кесте 3. Мемлекеттік жеке-меншік әріптестіктің қолданылу ұғымдары

Ұйымдар	Ұғымдар
PriceWaterhouse Coopers және C'M'S'Cameron McKenna бойынша PPP анықтамасы	МЖӘ кез-келген келісімге сәйкес, «құрылымы ортақ мақсатқа жету үшін мемлекеттік және жеке секторлардың бірлескен жұмысын қамтиды»
Дүниежүзілік банк	МЖӘ – бұл қосымша инвестицияларды тарту мақсатында және бюджеттік қаржыландырудың тиімділігін арттыру құралы ретінде жасалатын инфрақұрылымдық қызметтерді өндіру мен көрсетуге қатысты жария және жеке тараптар арасындағы келісім.
«Economic and social Commission of the United Nations for Asia and the Pacific» халықаралық ұйымы	МЖӘ – бұл мемлекеттік билік органдары мен жеке тұлғалар консорциумы арасындағы ұзақ мерзімді келісім, инфрақұрылымдық қызметтерді ұсынуды сандық ұлғайту және сапалық жақсарту үшін ұзақ уақыт кезеңі ішінде елеулі жеке активтер мен әртүрлі қызметтерді тарта отырып, Мемлекеттік қызметтерді әзірлеу және іске асыру тетігін қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастыққа негізделген.
Халықаралық валюта қоры	МЖӘ – мемлекеттің негізін қалайтын функцияларды қамтамасыз ету үшін жекеше әріптестің ресурстарын (қаржылық, зияткерлік және т. б.) енгізу мақсатында жеке сектор мен мемлекеттік билік органдары арасындағы өзара қарым-қатынастарды сипаттауға арналған жалпы термин.

дық билік пен бизнес арасындағы кооперация формасы ретінде жүзеге асуы болып табылады[6].

Еуро Одақ елдерінде МЖӘ жолға қойылғандықтан ол елдерде МЖӘ түсінігі де нақтырақ. Атап айтатын болсақ, Ұлыбританияда «МЖӘ қазіргі заманғы елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жекешелікпен әріптестікті жүргізуде сапалы мемлекеттік қызметтерді көрсету және үкімет стратегиясының негізгі элементі болып табылады. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікте бизнес құрылымдары мен серіктестік нысандары жеке қаржылық бастамадан аралас кәсіпорындар мен концессияларға, аутсорсингке, мемлекеттік коммерциялық объектілердің акцияларының бір бөлігін сатуға дейін кең ауқымы қатынас түрі болып табылады[7].

Жоғарыдағы түсініктер МЖӘ-тің қызметі мен мазмұнын ашуға негіз болады. Өйткені,

әрбір елдердегі МЖӘ қолданылысы сол елдердегі тәжірибе мен қалыптасқан түсініктерге байланысты.

Мемлекет пен жекешелік арасындағы тығыз байланыс нарықты басқару жүйесі мен құқықтық мемлекет қызметінің байланысынан туындайды. Сондықтан, нарықтық қатынаста мемлекет пен бизнес бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірімен қатар жүретін ұғымдар.

Қорытынды

Мемлекеттік және жекешелік әріптестігінің мемлекеттік реттелуі, дамуы қазіргі таңда саяси ғылым тұрғысынан зерттеуді қажет ететін күрделі, өзекті мәселе. Сондықтан, теориялық-методологиялық тұрғыда зерттеліп, түсінігі, орны анықталып ғылыми тұжырымы берілуі маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» 01.09.2022 ж [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (қарастырылған күні: 27.03.2022).
2. Шмиттер Ф. Неокорпоративизм // Полис. – 1997. – № 2. – С. 14-22.
3. Сморгунев Л.В. Неоинституционализм, теория рационального выбора. Сравнительная политология: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения. – Санкт-Петербург: Питер, 2012. – С. 70.
4. Сморгунев Л.В. Неоинституционализм, теория рационального выбора. Сравнительная политология: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения. – Санкт-Петербург: Питер, 2012. – С. 77.
5. Report to Congress on Public-Private Partnerships. US Department of Transportation. – 2004. – P.10.
6. Green Paper on Public-Private Partnerships and Community Law on Public Contracts and Concessions. Brussels. – 2004. – P. 3.
7. «Государственно-частные партнерства - новая форма взаимодействия государственного и частного секторов в финансировании инфраструктурных и социальных проектов». - Москва. Посольство Великобритании. – 2003. – С. 27.
8. Йескомб Э.Р.. Государственно-частное партнерство Основные принципы финансирования. Перевод с английского. – Москва. – 2019. – С. 11.

Б. Ахатай¹, Е. Досымхан²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

²Astana IT University, Астана, Казахстан

Теоретические основы политики развития государственно-частного партнерства

Аннотация. Процессы трансформации политических и социально-экономических систем, происходящие в мире в последнее десятилетие, подталкивают страны к поиску новых подходов с точки зрения

государственной политики в области государственно-частного партнерства. С течением времени возрастает необходимость расширения механизмов взаимодействия государства и частного сектора в партнерских отношениях с целью обеспечения потребностей общества. Посредством формирования стратегического партнерства государства и частного сектора Республика Казахстан может сформировать систему экономического порядка и отношений, обеспечивающих и гарантирующих будущее страны.

Республика Казахстан обрела независимость и модернизировала все сферы общества в соответствии с требованиями демократического режима. Трансформация экономической сферы в соответствии с системой рыночных отношений стала основой становления и развития частного предпринимательства. При этом сферы обеспечения потребностей общества: школа, детский сад, здравоохранение, сфера услуг, инфраструктура, сельское хозяйство, туризм и т.д. При поддержке государства через частный сектор осуществлялись с опорой на мировой опыт. В мире налажена и развивается деятельность государственно-частного партнерства в экономически развитых странах. Частный сектор в каждой стране должен функционировать как политическая система, позволяющая его деятельности работать с целью удовлетворения интересов обеих сторон с целью обеспечения потенциала общества. То есть на либеральном принципе, что Открытое общество при демократическом режиме дает свободу всем формам собственности, в государстве открывается путь к партнерству частной и государственной собственности, одного из важнейших секторов экономики.

В статье рассматривается, прежде всего, теоретическое обоснование данной проблемы при изучении проблем государственно-частного партнерства, предоставлении путей и механизмов его решения. То есть, анализируя теорию, на которую опирается исследовательская работа, опираясь на общенаучные методы, операционализируя теорию, анализ аналогических теорий, их классификацию, методику индукции, дедукции, уточняя теорию и описывая методологию данной проблемы. Следовательно, научная теория определяется и проверяется методами.

Ключевые слова: государственно-частное партнерство, собственность, бизнес, экономика, неоинституционализм, неокорпоративизм.

B. Akhatay¹, Y. Dossymkhan²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Astana IT University, Astana, Kazakhstan*

Theoretical foundations of public-private partnership development policy

Abstract. The processes of transformation of political and socio-economic systems taking place in the world in the last decade are pushing countries to search for new approaches from the point of view of public policy in the field of public-private partnership. Over time, there is an increasing need to expand the mechanisms of interaction between the state and the private sector in partnerships in order to meet the needs of society. Through the formation of a strategic partnership between the state and the private sector, the Republic of Kazakhstan can form a system of economic order and relations that ensure and guarantee the future of the country.

The Republic of Kazakhstan gained independence and modernized all spheres of society in accordance with the requirements of the democratic regime. The transformation of the economic sphere in accordance with the system of market relations has become the basis for the formation and development of private entrepreneurship. At the same time, the spheres of ensuring the needs of society are schools, kindergarten, healthcare, services, infrastructure, agriculture, tourism, etc. With the support of the state through the private sector, they were carried out based on world experience. The activities of public-private partnerships in economically developed countries have been established and are developing in the world. The private sector in each country should function as a political system that allows its activities to work in order to meet the interests of both parties in order to ensure the potential of society. That is, on the liberal principle that an open society under a democratic regime gives freedom to all forms of ownership, the way opens up in the state to a partnership of private and public property, one of the most important sectors of the economy.

The article considers, first of all, the theoretical justification of this problem when studying the problems of public-private partnership, providing ways and mechanisms to solve it. That is, analyzing the theory on which the research work is based, relying on general scientific methods, operationalizing the theory, analysis of analogical theories, their classification, methods of induction, and deduction, clarifying the theory, and

describing the methodology of this problem. Consequently, a scientific theory is determined and verified by methods.

Keywords: public-private partnership, privacy, business, economy, neo-institutionalism, neocorporativism.

References

1. Memleket bassısı Qasım-Jomart Toqaevtiñ Qazaqstan xalqına Joldawı «Ädiletti memleket. Birtutas ult. Berekeli qoғam» 01.09.2022 j [address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan «A Just state. United Nation. Blessed society « 01.09.2022]. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>, [in Kazakh]. (accessed 27.03.2022).
2. Shmitter F. Neokorporatizm [Neocorporativism]. Polis. 1997. No. 2. P. 14-22, [in Russian].
3. Smorgunov L.V. Neoinstitutsionalizm, teoriya ratsional'nogo vybora. Sravnitel'naya politologiya: Uchebnik dlya vuzov. Standart tret'yego pokoleniya [Neoinstitutionalism, the theory of rational thinking. «I'm sorry,» he said. Standard third generation].(Piter, Saint-Petersburg, 2012, 70 p.), [in Russian].
4. Smorgunov L.V. Neoinstitutsionalizm, teoriya ratsional'nogo vybora. Sravnitel'naya politologiya: Uchebnik dlya vuzov. Standart tret'yego pokoleniya [Neoinstitutionalism, the theory of rational thinking. «I'm sorry,» he said. Standard third generation]. (Piter, Saint-Petersburg, 2012, 77 p.), [in Russian].
5. Doklad Kongressu o gosudarstvenno-chastnom partnerstve. Ministerstvo transporta SSHA [Report to Congress on Public-Private Partnerships. US Department of Transportation]. 2004. P.10, [in Russian].
6. Zelenaya kniga o gosudarstvenno-chastnom partnerstve i zakone Soobshchestva o gosudarstvennykh kontraktakh i kontsessiyakh. Bryussel'. 30.4. [[Green Paper on Public-Private Partnerships and Community Law on Public Contracts and Concessions. Brussels]. 2004. P. 3, [in Russian].
7. «Gosudarstvenno-chastnoye partnerstvo – novaya forma vzaimodeystviya gosudarstvennogo i chastnogo sektorov v finansirovaniy infrastrukturnykh i sotsial'nykh proyektov». Moskva. Posol'stvo Velikobritanii [«State-Private Partnership - a new form of interaction of state and private sectors in financing of infrastructure and social projects»]. 2003. P. 27, [in Russian].
8. Yyeskomb E.R. Gosudarstvenno-chastnoye partnerstvo Osnovnoy printsip finansirovaniya. Pervod s angliyskogo [State-private partnership is the main principle of financing]. Moscow, 2019. P.11, [in Russian].

Сведения об авторах:

Ахатай Баян – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Досымхан Еңлік Досымханқызы – Ph.D., Astana IT University сеньор-лекторы, Астана, Қазақстан.

Akhatay Bayan – Ph.D. student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Dossymkhan Enlik Dossymkhankyzy – Ph.D., Senior Lecturer at Astana IT University, Astana, Kazakhstan.